

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
 Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
 Каппасова Айгерим Шугаевнаның

«БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертация жұмысына
 ресми рецензенттің жазбаша

ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер: 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы. 7.2.10. Социогуманитарлық саладағы ақпараттық және цифрлық технологиялар. Ақпараттық кеңістіктегі адам.</p> <p>«БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыста тіл және әдебиеттану бағыты бойынша мәтіндер арасындағы байланыс, тілдік және мәтіндік құрылымдар қарастырылған, мәдениетаралық коммуникация және медиалингвистика бағыты тұрғысынан БАҚ-тағы прецедентті мәтіндердің репрезентациясы,</p>

		мәдени дискурстар мен мәдени кодтардың байланысы зерттелген және интертекстуалдылық құбылыс – ақпаратты тарату және қабылдау тетігі ретінде қарастырылып, қоғамдық коммуникацияға әсері талданған.
		Диссертациялық жұмыс тіл білімі ғылымына елеулі үлесін қосады, атап

айтқанда:
 лингвомәдениеттану тұрғысынан – автор қазақ медиамәтініндегі

<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін</u> қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>прецедентті мәтіндердің лингвомәдени сипатына зерттелген және, прецедентті құбылыстарды ұлттық дүниетаным мен ұлттық код ретінде қарастырып, олардың БАҚ-та қолданылу әдістерін сипаттаған, ұлттық-мәдени кодтардың БАҚ-та қалай репрезентацияланатынын талдау арқылы қоғам мен мәдениет трансформациясының бүгінгі көрінісін айқындаған, нәтижесінде мәдени және ұлттық контекстегі интертекстуалдылық мәселесі зерттелген;</p> <p>медиалингвистикалық аспект тұрғысынан – қазақ медиамәтіндеріндегі интертекстуалды элементтер жүйеленген (мысалы: цитата, аллюзия, реминисценция, пародия), олардың прагматикалық ерекшеліктері анықталған, автор интертекстуалды элементтердің БАҚ-та қалай көрініс беретіндегін нақты мысалдармен дәлелдеу арқылы қазақтілді медиамәтіндердегі интертекстуалдық элементтердің өзіндік ерекшеліктерін анықтаған. Нәтижесінде, қазақ медиамәтіндеріндегі интертекстуалдылықтың репрезентациялық механизмдері айқындалған;</p> <p>қолданбалы тіл білімі тұрғысынан – автор қазақ лингвистикасында алғаш рет медиамәтіндерде интертекстуалды бірліктердің қызметін автоматты түрде тануға арналған прецедентті феномендер базасын Python бағдарламасы арқылы құрып, қолданбалы модель ұсынып отыр.</p>	<p>2.</p>
<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер, ғылыми тұжырымдамалар мен қорытындылар автордың отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүйелі талдау жасағандығын, мәтін лингвистикасы, медиалингвистика, прагмалингвистика салалары бойынша қолданылған теориялық материалдарының дәйектілігін көрсетеді. Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндеріндегі интертекстуалдылық құбылыс алғаш рет кешенді түрде зерттеу нысаны болуы терең теориялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді.</p>	<p>3.</p>

			<p>Автордың ғылыми ізденістерінің нәтижесінде қазақ тілді БАҚ-мәтіндеріне тән интертекстуалдылық құбылыс жан-жақты талданған. Диссертацияда теориялық материалдар нақты мысалдармен дәлелденген, БАҚ мәтіндері жеткілікті көлемде берілген, 400 мақала мәтіні қаралған, мәтіндерге лингвистикалық талдау жүргізілген, 70 прецедентті феномендердің (оның ішінде 35 ұлттық прецедентті тілдік бірліктер, 35 универсалды прецедентті тілдік бірліктер) тілдік сипаттамасы жасалған. Жұмыс барысында қолданылған зерттеу тәсілдері (салыстырмалы, құрылымдық, типологиялық, семантикалық-интерпретациялық, контекстік талдау, прецедентті мәтіндердің қолданыс аясын айқындауға бағытталған салыстырмалы, сипаттамалы және саралау әдістері, БАҚ мәтіндеріне жасалған мазмұндық және құрылымдық талдау, прецедентті феномендердің жастар танымында қабылдануын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу сауалнама) нақты нәтижелер берген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;</p>	<p>Диссертация жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Автор жұмысының өзектілігін қазіргі медиакөшіністе ақпарат ағынының артуына байланысты БАҚ-тағы тілдік, танымдық өзгерістер, мәдени кодтардың трансформациясына, ақпарат жеткізудің формалары мен әдістерінің үнемі өзгеріп отыруына, БАҚ мәтіндерінде интертекстуалдық байланыстардың көбейіп, ол мәтінде оқырманның түсіну деңгейіне әсеріне басты назар аударатырып негіздейді. Бүгінгі таңда осы құбылысты ғылыми тұрғыдан зерттеу - тіл білімінің, медиалингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі. БАҚ тілінің өзгеруі, ақпараттық манипуляция мен мәтіндік әсер ету құралдарының көбеюі, медиамәдениеттегі жаһандану процестерінің ықпалы сияқты мәселелер тұрғысынан алып қарағанда, осы ақпараттарды тасымалдаушы тілдік құралдардың негізгі бір бөлшегі ретінде қазақ тілді БАҚ-тағы интертекстуалдылық құбылыс, оның типтері мен репрезентациясы жүйелі түрде зерттеуді қажет ететін мәселе. Автордың интертекстуалдылық байланыстың ұлттық дүниетаным мен мәдени жадты трансформациялаудағы рөліне мән беруі, оның прагматикалық әлеуетіне, яғни олардың авторлық интенцияны жеткізу арқылы оқырман санасына әсеріне, белгілі бір мәдени кодтарды белсендіру қызметіне баса назар аударуы зерттеу жұмысының уақыт талабына сай келетіндігін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. Әр бөлім бойынша диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды: бірінші бөлімде автор лингвистика және медиалингвистика тұрғысынан интертекстуалдылық</p>

<p>2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>құбылыс мәселесі бойынша зерттеу жұмысының теориялық базасын негіздейді, БАҚ тілінің ғылыми анықтамасын талдайды; екінші және үшінші бөлімдерде зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері теориялық және практикалық тұрғыдан толықтай ашылған.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес. Жұмыстың 1-3 міндеттері 1-ші бөлімнің 1.1 және 1.2,1.3 тараушаларында шешілген, яғни осы міндеттерді шешу мақсатында автор 1.1 тараушада интертекстуалдылық ұғымының пайда болу тарихы мен дамуын сипаттау арқылы, осы тұрғыдағы ғалымдардың көзқарастарын салыстыру негізінде және интертекстуалдылықтың негізгі ұғымдарын анықтау арқылы интертекстуалдылық теориясының негізін жасайды, 1.2,1.3 тараушаларда зерттеу жүйесін сақтай отырып, зерттеу жұмысының негізгі нысаны мен зерттеу пәніне сай диссертация жұмысының теориялық базасын жасайды, яғни БАҚ-тағы мәтінаралық байланыс мәселесін, БАҚ мәтінінің ерекшеліктері мен табиғатын, тарихын (БАҚ мәтінінің прагматикалық, функционалдық және құрылымдық ерекшеліктерін), БАҚ-тағы дискурстың интертекстуалдық сипатын (саяси, әлеуметтік, мәдени контекстегі интертекстуалдылық, медиа-дискурстағы кодталған/референциялық байланыстар), интертекстуалдылықтың баспасөз бетіндегі негізгі қызметтерін қарастырады, қазақ тілді баспасөз материалдарында интертекстуалдылық құбылысының көрініс беру формаларын және оның ұлттық мәдениетпен өзара байланысын нақты мысалдармен көрсетеді. Жұмыстың 4-6 міндеттері 2-ші бөлімнің 2.1, 2.2, 2.3, 2.4 тараушаларында шешілген. Автор тіл біліміндегі прецедентті құбылыстардың теориялық негіздері атты тараушада «Прецеденттілік» ұғымын, прецедентті бірліктердің негізгі түрлерін, прецеденттілік пен мәдени кодтардың өзара табиғи байланысын, прецедентті бірліктердің БАҚ мәтініндегі функцияларын осы тұрғыдағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып талдай келе, прецедентті құбылыстарға байланысты қазақ тіл біліміндегі зерттеулерді қарастырады, қазақ тілді БАҚ мәтініндегі прецедентті бірліктердің қолданысын мысалдар арқылы көрсете отырып, БАҚ-та кездесетін нақты прецедентті мәтіндерді алынған дереккөздер бойынша (көркем әдебиет, ән мәтіндері, тарихи-философиялық, саяси сипаттағы публицистикалық мәтіндер, сакралды мәтіндер, кинофильмдер, мультфильмдер, телебағдарламалардан үзінді, жарнама мәтіні) жүйелеп, топтастырады, нақты мысалдармен дәлелдейді. Автор прецеденттілікті ұлттық мәдени кодтардың, тарихи жады мен ұжымдық</p>

	<p>танымның тілдегі көрінісі ретінде қарастырады, дәлелдеу мақсатында БАҚ-тағы прецедентті айтылымның лингвомәдени сипатына талдау жүргізеді және қазақ, орыс және ағылшын ұлтына тән прецедентті айтылымдарды мысалдар арқылы көрсете отырып, өз тұжырымын бекітеді. Келтірілген мысалдардан қоғамдағы идеологиялық бағдарлар мен мәдени құндылықтар, ұлттық сананың тілдік бейнесі көрініс береді. Жұмыстың 2.3 тараушасында прецедентті бірліктер арқылы БАҚ-ның оқырманның когнитивтік санасына әсерін зерттейді, сонымен қатар осы құбылыстың қаншалықты қолданыста жүргенін анықтау мақсатында сауалнама әдісі арқылы жастар тілі зерттелген.</p> <p>Зерттеудің 7-ші міндегі 3 тарауда шешімін тапқан. 70 прецедентті тілдік бірлікке талдау жұмысы жүргізілген. Медиатексттердегі ұлттық мәдени кодтарды жүйелеуге, прецеденттілік пен интертекстуалдылықты сандық негізде дәлелдеуге мүмкіндік беретін тіл мен мәдениетті сандық тұрғыдан зерттеудің заманауи тәсілі Python бағдарламалау тілі әзірленген.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан. Тақырыптың өзектілігі ашылған, мақсаты анық қойылған, тиісінше міндеттер де дұрыс анықталған. Диссертация тақырыбына сай теориялық негіздеме жасалған, ол практикалық талдаулар және нәтижелермен бекітілген, нақты мысалдармен дәлелденген, соның негізінде ғылыми тұжырымдамалар жасалған. Алынған нәтижелер қойылған міндеттерге жауап береді. Әр тарау арасындағы бірізділік принцип сақталған, әр тарау өзара логикалық байланыс негізінде құрылған. Бөлімдер бір-бірімен жүйелі түрде байланысқан.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Интертекстуалдылық құбылысты зерттеу негізінде медиалингвистика мен лингвомәдениеттану салаларын байланыстыра зерттеуге бағытталған бұл жұмыста автор өз шешімдерін бұған дейінгі зерттеулермен тығыз байланыста қарастыра отырып, оларға сыни талдау жасау нәтижесінде шығарған. Автор өзі қолданған ғалымдардың тұжырымдамалары мен ғылыми көзқарастарына талдау жасау барысында өзінің ғылыми көзқарасын нақты мысалдар арқылы көрсетіп, дәлелдейді.</p>

5.	Ғылыми принципі	жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алынған ғылыми нәтижені толығымен жаңа деп бағалауға болады. Python тілінің көмегімен прецедентті құбылыстарды анықтау - тіл мен мәдениетті сандық тұрғыдан зерттеудің заманауи тәсілі. Бұл әдіс гуманитарлық ғылымдардың жаңа деңгейге көтерілуіне, сандық лингвистика мен мәліметке негізделген талдаудың дамуына жол ашады.
			5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа: 1-ші қорытынды – Бұған дейін бұл тақырып жекелеген аспектілерде қарастырылғанымен, жүйелі лингвистикалық талдау нысаны ретінде алғаш ұсынылуы жаңа ғылыми көзқарас. 2-ші қорытынды – толығымен жаңа. Қазақ БАҚ дискурсында прецеденттілік құбылыстарының прагматикалық, лингвомәдени аспектілерін талдау – ғылыми жаңалыққа жатады. 3-ші қорытынды –толығымен жаңа. Қазақ медиамәтініндегі прецедентті феномендерінің ұлттық код ретіндегі қызметі мен прагматикалық әлеуетіне қатысты кешенді эмпирикалық зерттеу бұрын жүргізілмеген, нәтижесінде алынған қорытынды толығымен жаңа болып табылады. 4-ші қорытынды – толығымен жаңа. Қазақ тілді БАҚ мәтіндеріндегі прецедентті бірліктердің типологиясын ұсыну бұл бағыттағы алғашқы жүйелеу, сондықтан жаңа ғылыми нәтиже деп есептей аламыз. 5-ші қорытынды – толығымен жаңа. Python арқылы автоматтандырылған модель құру - интертекстуалдылықты автоматты тануға бағытталған база болып саналады, бұл қазақ тіл біліміндегі пәнаралық жаңашыл әдіс. Мұндай тәсіл – ғылыми жаңалықтың айқын көрсеткіші. 6-шы қорытынды – толығымен жаңа. «Прецедентті символ» – жаңа термин және оны ғылыми айналымға енгізу – жаңа теориялық қадам деп бағалауға болады.
			5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жаңа техникалық шешім бар. Интертекстуалды бірліктердің қызметін автоматты түрде тануға арналған прецедентті феномендер базасы Python бағдарламасы құрылған. Бұл – техникалық тұрғыдан жаңа шешім. Қазақ лингвистикасында бұрын мұндай лингвистикалық деректер базасы мен автоматты тану алгоритмдері жасалмаған. Жаңа технологиялық тәсіл бар. Мәтінді автоматты өңдеу тәсілі. Python тілінде прецедентті бірліктерді тануға арналған модель ұсыну - бұл табиғи тілді өңдеу технологияларын қазақ медиамәтіндеріне бейімдеу болып табылады.

			<p>Тікелей экономикалық шешім болмаса да, нәтиженің қолданбалылығын есепке алып, шартты түрде экономикалық немесе басқарушылық шешім бар деуге болады. Қолданбалылығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ БАҚ тілін сараптау арқылы ақпараттық ықпал ету механизмдерін жүйелеуге болады; - прецедентті құрылымдарды автоматты тану арқылы редакциялық процестерді оңтайландыруға және контент сапасын сараптауға болады. Сол арқылы мазмұн талдау мен БАҚ аналитикасына үлес қосады. <p>Яғни ақпараттық басқару мен мазмұндық редакторлау салаларына арналған практикалық қолданым.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Интертекстуалдылық медиамәтіннің когнитивтік және прагматикалық компоненті ретіндегі қызметі, прецедентті феномендер интертекстуалдылықты жүзеге асыру құралы екендігі теориялық тұрғыдан негізделген. Аллюзия мен реминисценцияның медиамәтіндегі қолданысы мен семантикалық-реңктік қызметі, прецедентті бірліктердің нақты қолданыстары мен олардың прагматикалық әсері, прецедентті феномендердің ұлттық мәдени кодтарды танудағы рөлі нақты мысалдар арқылы дәлелденген (400 мақала мәтіні талданған, 70-тен астам прецедентті бірлікке кешенді сипаттама берілген).</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ;</u></p>	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1-ші тұжырым – дәлелденді. Интертекстуалдылық – медиамәтіннің маңызды когнитивтік және прагматикалық құраушысы ретінде танылатындығы теориялық анықтамалар мен интертекстуалдылық байланыстардың медиа мәтіндердегі нақты функциясы арқылы түсіндіріліп, дәлелденген.</p> <p>2-ші тұжырым – дәлелденді. Қазақ тілді басылым беттерінде интертекстуалды элементтердің ішінде аллюзия мен реминисценция түрлері көп кездеседі деген тұжырым толығымен нақты мәтін мысалдары арқылы талданған. Мысалы, автор А. Құнанбайұлының «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» өлең жолының цитация арқылы алынған реминисценция түріне 36 мысал келтірген («Шетелдерде оқып жүр талай қазақ баласы...», «Орыс сыныбында оқып жүр талай қазақ баласы», «Болашақпен» оқып жүр, талай қазақ баласы...», «Ескі мектепте оқып жүр талай қазақ баласы...», «Интернетсіз оқып жүр талай қазақ баласы», «Робот жасап, оқып жүр талай қазақ баласы», «Тар бөлмеде оқып жүр, талай қазақ баласы», «Пәкістанда</p>

	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>қаңғып жүр үш жүз қазақ баласы», «Шетелде жүр жалданып, талай қазақ баласы», «Жатақхана таппай жүр, талай қазақ баласы»).</p> <p>3-ші тұжырым – дәлелденді. Интертекстуалды байланыстардың, интертекстуалды сілтемелер жасаудың негізі ретіндегі прецедентті құбылыстардың мәні, рөлі және қызметі нақты көрсетілген. Ғылыми теориялармен негізделген.</p> <p>4-ші тұжырым – дәлелденді. Прецеденттілік – мәдени жадының символдық көрінісі ретінде БАҚ-та кең қолданылатын феномен екендігін дәлелдейтін мәдени кодтар мен ұлттық санаға қатысты нақты мысалдар келтірілген. БАҚ-та кездесетін нақты прецедентті мәтіндер алынған дереккөздер бойынша 6 үлкен топқа топтастырылған. Әр топтама өз ішінде жіктеліп, берілген. Мысалы, 1. көркем әдебиет өз ішінде: а) отандық көркем әдебиет шығармалары; ә) әлемдік көркем әдебиет үлгілері;</p> <p>2. Ән мәтіндері а) қазақ авторларының әндері; ә) халық әндері; б) шетелдік әндер.</p> <p>Әр топ бойынша нақты мысалдар беріліп, талданған.</p> <p>5-ші тұжырым – дәлелденді. Автор прецедентті феномендердің символдық сипатына қатысты ресей ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып «Прецедентті символ» терминін енгізеді және оны медиадискурста прагматикалық мақсатта жиі қолданылатын прецедентті феноменнің ерекше түрі деп тұжырым жасайды. Жұмыста белгілі бір мәдени кодтың тасымалдаушысы прецедентті символдың ерекшелігі, қызметі нақты көрсетілген. Дәлел ретінде Аққу, Самұрық құстың символдық мәнін, «Құлагер» прецедентті символының сипаттамасы, «Хатико» прецедентті символының сипатын, соның ішінде мәдени маңызын, символдық мағынасын, семантикалық ассоциациясын, типін анықтап, құрылымдық қабатын талдап көрсетеді (4,5, 6 кестелер, 13-14 суреттер). Прецедентті феномендердің символдық мәнін бағалау мақсатында сауалнама алынған (234 студент). Нәтижелері диаграмма түрінде берілген (15-16 суреттер).</p> <p>6-шы тұжырым – дәлелденді. Прецедентті феноменнің өзіндік мәдени маңызы, тарихи-мәдени трансформациясы, референттік сипаты, символикалық мазмұны, қолданыс аясы мен прагматикалық функциялары болатындығына түрлі сипаттамалар беріліп, маңыздылығы ашылған. Мысал ретінде келтірілген әр прецедентті айтылымының тілдік қабаттарына терең талдау жасалған. Бұл қабаттардағы түпкі мағына, мәдени фон, ассоциациялық мағыналарға авторлық талдау жасалған. Автор өз қорытындысын дәлелдеу мақсатында қазақ, орыс және ағылшын ұлтына тән</p>
--	---	--

прецедентті айтылымдарды да салыстыра отырып қарастырған. Прецедентті феномендердің тарихи-мәдени трансформациясының қалай жүзеге асып жатқандығын және қолданыс аясын бақылау және көрсету мақсатында қазақ және орыс тобында оқитын студенттер арасында сауалнама жүргізген (Сауалнамаға жалпы 18-21 жас аралығындағы 234 респондент қатысқан).

7.2 Тривиалды ма?

1-ші тұжырым – тривиалды емес. Қазақ тілді медиамәтіндегі интертекстуалдылық құбылысқа арналған алғашқы зерттеулердің бірі, ғылыми дискурс үшін маңызды.

2-ші тұжырым – тривиалды емес. Қазақ тілді басылым беттерінде интертекстуалды элементтердің ішінде аллюзия мен реминисценция түрлері көп кездесетіндігі нақты ғылыми талдауды қажет еткен тұжырым.

3-ші тұжырым – тривиалды емес. Интертекстуалды байланыстардың, интертекстуалды сілтемелер жасаудың негізі ретіндегі прецедентті тілдік бірліктер күрделі семиотикалық және прагматикалық талдауды қажет еткен тұжырым.

4-ші тұжырым – тривиалды емес. Прецеденттілік – мәдени жадының символдық көрінісі екендігін дәлелдеу мәдени жады мен прецеденттілік арасындағы күрделі байланысты зерттеу нәтижесінен алынған тұжырым.

5-ші тұжырым – тривиалды емес. Прецедентті символ – белгілі мәдени кодтың тасымалдаушысы деген тұжырым теориялық күрделі және мәдениетаралық зерттеулерді талдау қорытындысынан алынған тұжырым.

6-шы тұжырым – тривиалды емес. Прецедентті феноменнің өзіндік мәдени маңызы, тарихи-мәдени трансформациясы, референттік сипаты, символикалық мазмұны, қолданыс аясы мен прагматикалық функциялары болатындығы ғылыми талдауды қажет еткен кешенді түсінік.

7.3 Жаңа ма?

1-ші тұжырым – жаңа. Тіл білімінде интертекстуалдылық мәселесі мәтінаралық байланыс ретінде соңғы жылдары тереңірек зерттеліп жатыр, ал қазақ тілді медиамәтіндегі интертекстуалдылық құбылыс терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Интертекстуалдылықтың БАҚ дискурсында автор мен оқырман арасындағы мәдени-кодтық байланысты нығайтып, ақпаратты ықпалды жеткізу қызметіне баса назар аудартуы – бүгінгі заманның сұранысынан туындап тұрған қорытынды.

2-ші тұжырым – жаңа. Бұл жұмыста қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндеріндегі интертекстуалдылық құбылысы алғаш рет

кешенді және жүйелі лингвистикалық талдау нысанына айналуы автордың қазақ тілді басылым беттерінде интертекстуалды элементтердің ішінде аллюзия мен реминисценция түрлері көп кездеседі деген қорытындысын толығымен жаңа деп есептеуге негіз болып табылады.

3-ші тұжырым – ішінара жаңа. Прецедентті тілдік бірліктерге байланысты қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеулер кеңінен таралмаса да жеткілікті түрде зерттеу жұмыстары бар, қарастырылған мәселе. Автордың бұл қорытындысына отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстары негіз болған. Егер бұл қорытындыны автордың диссертациялық жұмыста берілген қазақ тілді БАҚ мәтіндердегі прецедентті тілдік бірліктердің интертекстуалды байланыстар тудырушы қызметіне байланысты зерттеулеріне қатысты қарастыратын болсақ, онда бұл қорытындыны толығымен жаңа деп есептеуге болады.

4,5 және 6-шы тұжырымдамалар – толығымен жаңа. Қорытындылар қазақ тілді медиамәтіндерде, қазақ қоғамының мәдени кодтары аясында, ұлттық сана көрінісі ретінде прецеденттілік феномендерін алғаш рет жүйелі, эмпирикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде алынған, сондықтан бұл қорытындыларды ұлттық контексте толығымен жаңа деп есептеуге негіз бар.

7.4 Қолдану деңгейі:

1-ші тұжырым – кең. Барлық медиамәтіндерге, әдебиетке, БАҚ-қа қатысты қолданылады.

2-ші тұжырым – орташа. Әдеби және медиа мәтіндермен шектеледі.

3-ші тұжырым – орташа. Негізінен мәдени, саяси, әлеуметтік және ақпараттық мәтіндерді қамтиды.

4-ші тұжырым – кең. БАҚ, сайт, әлеуметтік желілер – барлығын қамтиды.

5-ші тұжырым – орташа. Көп жағдайда медиадискурс пен саяси мәтіндерде көрініс табады.

6-шы тұжырым – кең. Семиотика, лингвистика, мәдениеттану, медиазерттеу салаларына ортақ тұжырым.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 10 мақала жарық көрген. Оның ішінде Scopus халықаралық мәліметтер базасындағы журналда – 2, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі

журналдарда – 5, халықаралық конференция жинақтарында – 3 мақала (шетелдік – 2, отандық – 1) жарияланған.

1) Kappassova A. Sh., Adilova, A.S., Şahin, S., Burabaeva A. A. Identifying Universal Precedent Phenomena in Media Texts Using Python. Forum for Linguistic Studies. – 2024. 6(6): 528–540. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7318>

2) Kappassova A. Sh., Adilova, A.S., Zeinulina, A. F., Khamzina, K. M., A. Umirbekova, A. Zh. Zhaldybayeva. Intertextuality in Kazakh, Russian, and English-language Media. – 2024. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(3), 22–32. <https://ejal.info/manuscript/index.php/ejal/article/view/862/301>

3) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова. Прецедентті феномендер газет тақырып аттары ретінде. – 2023. ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №2 (110). - 2023. - Б 30-40. DOI: 10.31489/2023Ph2/30-39

4) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова. Прецедентті құбылыс және газет мәтіні. – 2023. Торайғыров университетінің хабаршысы, Филология сериясы. - №3. - 2023. - Б 146-157. DOI: [10.48081/ICWG2355](https://doi.org/10.48081/ICWG2355)

5) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова. БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері. – 2024. Торайғыров университетінің хабаршысы, Филология сериясы. - №4. - 2024. - Б 220-228. DOI: [10.48081/XVSA7176](https://doi.org/10.48081/XVSA7176)

6) Прецедентті мәтін және мақала семантикасы. – 2024. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, - №3 (95). – 2024. Б 224-233. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-224-233>

7) Kappassova A. Sh., Adilova, A.S., S. Şahin, A. Zh. Zhaldybayeva, A. B. Nurgazina. The Use of Folklore Precedent Names in the Kazakh Media Discourse. – 2025. Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. Vol. 30, Iss.1(117). P. 42-51. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025ph1/42-51>

8) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова. Прецедентные явления в казахстанских и российских СМИ. Слово, высказывание, текст в когнитивном, прагматическом и культурологическом аспектах: материалы XII Междунар. науч. конф. – Россия, Челябинск, 2024. - С.173-177. DOI: [10.47475/9785727119631_173](https://doi.org/10.47475/9785727119631_173)

9) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова. Газет тіліндегі түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецедентті есімдер. XI. Beynəlxalq Türk dūnyası araşdırmaları Simpoziumu: - Azərbaican, Bakı, 2024. – S. 89-99.

10) Каппасова А.Ш.. А.С. Адилова БАҚ-тағы интертекстуалдылық: аллюзия мен реминисценцияның қолданысы. Жаһандану әлеміндегі ғылымның дамуы: түркітану, лингвистика, филология: – Алматы, 2024. - Б. 681-690.

		<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысында автор зертту тақырыбының мақсаты мен міндеттерін толық ашуға және терең зерттеуге мүмкіндік беретін әдістер кешенін қолданған. Әдіснаманы дұрыс және ұтымды таңдау нәтижесінде ғылыми қорытындыларын дұрыс шығарған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында мәтіндегі интертекстуалды бірліктерді жүйелі түрде анықтап, жіктеу үшін контент-талдау әдісі қолданылған. Мәліметтерді құрылымдау мен сандық есеп жүргізу мақсатында компьютерлік лингвистика құралдары (Python) пайдаланылған. Бұл әдістер зерттеудің прагматикалық және семантикалық аспектілерін талдауға мүмкіндік беріп, интерпретациялаудың ғылыми дәлдігін арттырған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Зерттеу барысында прецедентті феномендердің тарихи-мәдени трансформациясының қалай жүзеге асып жатқандығын және қолданыс аясын бақылау және көрсету мақсатында қазақ және орыс тобында оқитын студенттерден 2 рет Google Forms сауалнамасы алынған. 1-ші сауалнамаға қазақ тілді 144, орыс тілді 90 студент қатысқан. 2-ші сауалнамаға жалпы 18-21 жас аралығындағы 234 респондент қатысқан. Берілген жауаптарын өңдеу үшін Python бағдарламасы қолданылған. .</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған /расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу жұмысы пәнаралық зерттеулерден тұрады. Автор мәтін лингвистикасы, танымдық лингвистика, медиалингвистика, лингвомәдениеттану бағыттары бойынша танымал ғылыми еңбектерге сүйене отырып, ғылыми тұжырымдамалары мен қорытындыларын шығарған. Ол қорытындысы мен тұжырымдамасы ғылыми негізделген ғылыми зерттеулер негізінде туындаған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыс 197 ғылыми еңбектер тізімінен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің мазмұны диссертация тақырыбы бойынша іргелі зерттеулер қолданылғанын көрсетеді. Тізімде зерттеудің теориялық базасын құруға негіз болған мәтін лингвистикасы, танымдық лингвистика, медиалингвистика, лингвомәдениеттану бағыттары бойынша фундаментальды еңбектер бар, зерттеу бағыты бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы заманауи зерттеулері жұмыстағы зерттеу тұжырымдамаларының жаңашылдық сипатын көрсетеді. Қолданылған әдебиеттер тізімі автордың зерттеу жұмысын қазіргі ғылыми тенденциялар контекстінде жүргізгенін көрсетеді.</p>
9	Практикалық қандағидаты құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	<p>Зерттеудің теориялық маңызы интертекстуалдылық құбылысының медиамәтіндегі қызметін жаңаша қырынан талдап, оның типологиясын, репрезентация формаларын, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін анықтаумен сипатталады. Зерттеу барысында интертекстуалдылықтың БАҚ дискурсында көріну формалары жүйеленген., мәдени-кодтық байланыс пен оқырман қабылдауына ықпал ететін факторлар анықталған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері тіл білімі, медиалингвистика, дискурстық талдау және прагмалингвистика салалары үшін жаңа теориялық ұстанымдар ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, медиамәтінді интертекстуалдылық тұрғысынан сипаттау әдістемесі де теориялық үлес болып табылады.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	<p>Зерттеу нәтижелері медиамәтіндерді талдау, қазақ тілді БАҚ мәтіндеріндегі интертекстуалдылық құбылыстарды тану және оларды оқыту процесіне енгізу бағыттарында практикалық маңызға ие. Жұмыста сипатталған интертекстуалдылықтың типтері мен репрезентация тәсілдері тіл үйрету, медиасауаттылықты арттыру, журналистік мәтіндерді сараптау сияқты салаларда тиімді қолданыла алады. Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді «Медиалингвистика», «Дискурс талдауы», «Қазіргі мәтінтану», «Когнитивтік лингвистика» сияқты пәндерді оқыту барысында, медиасауаттылық курстарында интермәтіндік элементтерді тануға және олардың идеологиялық, мәдени мәнін түсінуге үйретуде, интертекстуалдылықтың прагматикалық қызметін анықтауға арналған эмпирикалық база ретінде. ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде Python бағдарламасы арқылы жасалған қолданбалы модель ұсынылған, ол арқылы прецедентті

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бірліктердің қолданысын анықтауға болады, бұл жұмыстың практикалық маңыздылығын дәлелдейді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың тілдік және стильдік талаптар, ғылыми логика, дәлелдемелер, құрылым мен дәйектілік принципі академиялық нормаларға сай орындалған. Ғылыми терминдер бірізді қолданылған, авторлық пікірлер, анықтамалар, теориялар нақты және негізделген, кіріспе, теориялық бөлім, практикалық бөлім, қорытынды ғылыми логикаға сай және тұтастық сақталған, ғылыми әдебиеттерге дұрыс және жүйелі сілтеме жасалған, автордың тұжырымдары логикалық тұрғыдан дәлелденіп, мысалдармен, деректермен, дәйексөздермен бекітілген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыстың құрылымы мен мазмұны бойынша ескертулер мен кемшіліктер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 4.10-тармағына сәйкес)		Каппасова Айгерим Шугаевнаның «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертация жұмысы талаптарға сай орындалған, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

«Шәкәрім Университеті» КеАҚ

Білім беру жоғары мектебі

Орыс және шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, PhD



Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна